

**Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген  
нормативтік құқықтық актілері**

**Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 «Базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 147 шешімі.  
Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 3-4-167 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 510 бабына және 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 «Базалық салық мөлшерлемелерін түзету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-73 санымен тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімінің тақырыбындағы «салық мөлшерлемелерін» сөзі «салықтық мөлшерлемелерді» сөзімен;

шешімнің кіріспесі келесідей редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 510 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**»;

1 тармақта «2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап» сөздері алынып тасталсын;  
«жоғарлатылсын» сөзі «арттырылсын» сөзімен ауыстырылсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы**

**К. Табынбаева**

**Байғанин аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**

**Б. Турлыбаев**